

**6D020300 - Тарих мамандығы бойынша философия докторы (PhD)  
дәрежесін алу үшін Карибаев Максат Сериковичтің  
«Шығыс Қазақстандағы этникалық репатрианттар: күнделікті  
тарихы» тақырыбына дайындаған диссертациялық зерттеу жұмысына  
отандық ғылыми кеңесші, т.ғ.д., профессор Жанбосинова Альбина  
Советовнаның**

**ПІКІРІ**

М.Карибаевтың диссертациялық зерттеулері Қазақстан Республикасындағы репатриация процесіне, Шығыс Қазақстанда мемлекеттік бағдарламалардың жүргізілуіне және репатрианттардың қоғамның әлеуметтік-экономикалық, этномәдени жағдайында күнделікті өмірде бейімделулеріне арналған бірегей жұмыс.

Ұсынылған жұмыстың өзектілігі, этникалық қазақ-репатрианттардың Қазақстандағы ортаға бейімделулеріндегі олардың қазіргі жағдайымен күнделікті өмірін зерттеудің қажеттілігімен негізделген. Шығыс Қазақстандағы этникалық репатрианттардың күнделікті тарихын тәуелсіз Қазақстанның репатриация процесі басталған кезеңнен бастап, қазіргі кезеңге дейінгі жұмыстарды салыстырмалы зерттей отыра тақырыптың өзектілігін аша алған. Жұмыстың зерттелу деңгейін жеке кезеңдерге, сондай-ақ отандық және шетелдік ғалымдардың ұстанымдарының әр түрлілігіне сай тарихнамалық талдауға көңіл бөлінген.

Қазіргі таңдағы репатрианттардың күнделікті тарихындағы кешенді мәселелерді зерттеу барысында, алыс және жақын шет елдерден қоныс аударған қандастарымыздың өзіндік ұлттық санасының түрлі деңгейдегі көріністеріне және репатриант қазақтардың этникалық дүниетанымындағы өзгерістерін зерделеумен қатар, қоғамдық ортаға бейімделулеріндегі өте күрделі процесстеріне сараптама жасалған.

Шығыс Қазақстан облысындағы Біріккен Ұлттар ұйымының даму бағдарламасының (БҰҰДБ) Оралмандарды бейімдеу және ықпалдастыру орталығының 2009-2015 жылдардағы атқарған қызметіндегі жұмыстарының нәтижелеріне талдау жасалынған. Қандастардың қатысуымен ашылған қоғамдық ұйымдардың қызметтері мен оларға көрсетілген консультативтік көмектің түрлері көрсетілген. Елге оралушы азаматтардың немесе оқуға келіп азаматтық алуға ниеттенген этникалық қазақтардың қоғамдық ортаға тез бейімделулері үшін, олармен қарым-қатынасты жақсарту шараларында репатрианттардың тарапынан ашылған қоғамдық ұйымдардың қызметтерінде жетілдіру шаралары ұсынылған. Жергілікті басқару органдары мен репатрианттар арасындағы өзара әрекеттесу мәселелері де зерделенген. Шығыс Қазақстан облысындағы репатрианттардың иммиграциялық ағындары, оларды аудандар мен қалаларға қоныстандыру географиясы және сандық орналасу көрсеткіштері анықталып, ғылыми айналымға енгізілген. Этникалық репатрианттардың жалпы ұқсастықтары мен өзіндік

ерекшеліктерін салыстыра отыра, күнделікті әлеуметтік-мәдени өмірлеріне де талдау жасалынған.

Күнделікті фронтир жағдайында, этникалық репатрианттардың қабылдаушы қоғамға кірігу үдерістері мен өзара қарым-қатынастары әлеуметтік сауалнамалар, жекелеген сұхбаттар мен арнайы далалық зерттеу жұмыстары арқылы жүргізілген. Архивтік құжаттармен жұмыс жасалынған. Репатрианттардың күнделікті өмір тарихына да зерттеу жұмыстары жүргізілген. Жұмыс ғылыми-теориялық талаптарға сай жазылған және көтерген тақырыптың мазмұны ашылған.

Диссертациялық зерттеудің негізгі қағидалары, тұжырымдары мен нәтижелері отандық және шетелдік ғылыми басылымдарда жарияланған 10 мақалада көрініс тапты. Оның ішінде, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарда 4 мақала, Scopus халықаралық базасына енген журналда - 1 мақала, 4 халықаралық конференция материалдары мен тезистері және 1 мақала шетелдік конференция материалдарында жарияланды.

Қорыта айтқанда, докторанттың зерттеу жұмысының құрылымы мен мазмұнында жүйелілік пен сабақтастық принциптері толық сақталған. Соның негізінде мәселенің өзара ішкі байланысы мен тарихи тұтастығы жоғалмаған. Диссертациялық жұмыс, белгілі бір аймақ территориясындағы этникалық репатрианттардың қоғамға бейімделулері мен кірігуіне қатысты атқарылған шаралардың күнделікті тарихын әдіснамалық тұжырымдамалар тұрғысынан ашатын кешенді зерттеу.

Осындай ғылыми нәтижелерді ескере отырып, докторант Карибаев Максат Сериковичтің ұсынып отырған «Шығыс Қазақстандағы этникалық репатрианттар: күнделікті тарихы» тақырыбына дайындалған диссертациялық жұмысын ғылыми зерттеулерге қойылатын талаптарға сай орындалған еңбек ретінде 6D020300 – Тарих мамандығы бойынша философия ғылымдарының докторы (PhD) дәрежесін алу үшін диссертациялық кеңесте қорғауға ұсынамын.

**Ғылыми кеңесші, т.ғ.д., профессор,  
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық  
университеті КеАҚ «Ел тарихы» ҒЗО  
бас ғылыми қызметкері**

**А.С.Жанбосинова**

